

**Бимағамбет А.Қ.**, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, экономика факультеті, топ УА-31, студент

**Гиниятова К.К.**, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, экономика факультеті, топ УА-31, студент

*(Ғылыми жетекші – э.ғ.к., доцент Шакеев С.С.)*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ БАНКРОТТЫҒЫ ТУРАЛЫ ЗАҢЫ – ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

Қазіргі кезеңдегі нарықтық экономиканың дамуына және тұтыну деңгейінің жоғарылауына байланысты тұтынушы азаматтар көбінесе едәуір көлемдегі міндеттемелерге және оған тиісінше, көптеген кредиторларға ие, сондықтан қазіргі уақытта мұндай қарыздарды реттеу үшін азаматтық банкроттық институты заңнамасы қажет етуліде және қарастырылуда.

Осы орайда қарастырылып отырған тақырыптың өзектілігі «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» заң жобасы заңдастырылмағандығына және де жеке, сондай-ақ жария мүдделердің теңгеріміне қол жеткізуге, борышкерлер мен кредиторлардың құқықтарын қорғауды жетілдіруге бағытталуымен айқындалады.

Банкроттық – борышкердің сот шешімімен танылған, оны тарату үшін негіз болып табылатын дәрменсіздігі [1].

Жеке тұлғаның банкроттығы – бұл азаматтың несиелік берушілер алдындағы қарыздарын толық көлемде өтеуге немесе міндетті төлемдерді енгізуге заңмен танылған қабілетсіздігі. Алайда, оны банкроттық деп тану үшін бірқатар жағдайларды ескеру қажет: азаматтың өз міндеттемелерін орындай алмайтын мерзімі және оның міндеттемелерінің сомасы.

Бұған мысал келтірер болсақ, несиелік бюроның ақпаратына сәйкес, бүгінде 1 миллионнан астам азамат несиені өтеу мерзімін бұзуға жол берген. Бірқатар азаматтардың коммуналдық төлемдер бойынша (20,5 млрд. теңгеге 2,9 млн. адам), салықтар бойынша (20,0 млрд. теңгеге 791,1 мың адам) берешегі бар, сондай-ақ борышкерде мүліктің болмауына байланысты қайтарылған 4 млрд. теңге сомасына 142 мың атқарушылық құжат бар.

Мұндай жағдайда көптеген тұлғалар үшін несиелер, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтері, салықтар және басқа да міндеттемелер бойынша берешекті есептен шығару қаржылық қиындықтан шығудың жалғыз заңды мүмкіндігі болып табылады.

Осыған байланысты Қазақстанда жеке тұлғалардың банкроттық рәсімін әзірлеу қажеттілігі бірнеше жылдан бері Қаржы министрлігімен, Әділет министрлігімен, Ұлттық банкпен және Ұлттық экономика министрлігімен талқыланып келсе де, жеке кәсіпкер болып табылмайтын азаматтың банкроттығы біздің заңнамада қарастырылмаған. Сондықтан, 2022 жылдың 5 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуал мәселелері жөніндегі кеңесте жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заңды әзірлеуге кірісуді тапсырды. Осы орайда «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заң жобасы әзірленіп, талқылауға ұсынылды.

Осы Заң Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілетсіздігіне байланысты туындайтын қатынастарға қолданылады, яғни Қазақстан Республикасы азаматының несиелік берушілердің талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіздігі кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді, сондай-ақ азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін, соттан тыс және сот банкроттық рәсімін қолдануы үшін негіздерді, оларды жүргізу тәртібі мен шарттарын белгілейді және бұл туралы өтінішті осы Заңда белгіленген ерекшеліктермен азаматтық сот ісін жүргізудің жалпы қағидалары бойынша қарайды [2].

Әлемдік тәжірибеге тоқталатын болсақ, Қазақстанда қарастырылып отырған банкроттық рәсімі әлемнің көптеген елдерінде қолданыста. Оны алғаш рет Америка 19-ғасырда қолданған, ал Еуропа оны бір ғасырдан кейін қабылдаған.

Азаматтары үнемі несиелік алып өмір сүретін АҚШ үшін банкроттық рәсімі әдеттегі жағдай болып табылады. Тек 2016 жылы мұнда шамамен 3 миллион адам банкрот деп танылды. Мемлекетте осындай істер қаралатын арнайы СОТ жұмыс істейді. Тұлғаның төлем қабілетсіздігі анықталған кезде банкроттық рәсімі жүргізіледі. Оның шеңберінде мүлікті сату есебінен кредиторлар алдындағы борыштарды өтеу жүзеге асырылады. Іс аяқталғаннан кейін адам қарыздарынан босатылып, бәрін қайтадан бастай алады.

Көршілес мемлекет Ресейде «Жеке тұлғалардың банкроттығы» туралы Заң 2015 жылдың 1 қазанынан бастап күшіне енді және өзін банкрот деп жариялау құқығын 65 мыңнан астам адам пайдаланды. Банкроттық рәсімі арқылы борыштық міндеттемелерді есептен шығару мүмкіндігі туралы халықтың тек 15-20% - ы ғана біледі. Соңғы уақытта сотқа өздерін банкрот деп тану туралы өтінішпен жүгінетін адамдар санының өсу үрдісі байқалады.

Ресейдегі банкроттық рәсімінің Германиядағы процеске ұқсас ерекшеліктері бар. Кез келген кезеңде тараптар татуласу келісімін жасасуы мүмкін, бұл рәсімді тоқтату үшін негіз болып табылады. Келісімдердің шарттары заңнамалық деңгейде қатаң реттелмейді, сондықтан жағдайды шешудің бұл әдісі несие беруші үшін де, қарыз алушы үшін де пайдалы болуы мүмкін. Бұдан басқа, төлемге қабілетсіз деп танылған азаматтар үшін де салдарлар бар. Атап айтқанда, үш жыл ішінде заңды тұлғалардың басқару органдарына кіруге тыйым салынады, бес жыл бойы кәсіпкерлік қызметпен айналысуға болмайды (ЖК жатады) және келесі бес жыл ішінде банкрот кредит немесе қарыз алу үшін жүгінген кезде бұл факт туралы банкке хабарлауға міндетті.

Еуропаның жетекші экономикалық державаларының бірі – Германияда банкроттық туралы Заң 20 жыл бұрын қолданыла бастады. Бұл жағдайда рәсім қарызды бір уақытта есептен шығаруға емес, қиын қаржылық жағдайға тап болған адамға көмектесуге бағытталған. Германияда кредитор мен борышкер арасындағы мәселені сотқа дейін реттеу әрекеті міндетті болып табылады. Банкроттық рәсіміне тек борышкердің ғана бастамашылық жасауға құқығы бар, бұл ретте кредиттер бойынша төлемдердің мерзімін өткізіп алу ұзақ болуы тиіс. Қарыз алушы құзыретті сотқа жүгініп, ол арқылы өзінің ақшалай міндеттемелерін тіркеуге міндетті. Конкурстық басқарушы борышкердің мүлкін сату есебінен кредиторларға қайтарылуы қажет борыш мөлшерін белгілейді. Қарыз алушының жалғыз тұрғын үйін сатуға тыйым салынған Ресей заңынан айырмашылығы, Германияда барлық жылжымайтын мүлік қарызды өтеу үшін сатуға жатады. Бұл ретте борышкер жалдамалы тұрғын үйге көшуге міндетті. Банкроттықтың үстінен 6 жылға созылатын әл-ауқатты бақылау кезеңі де белгіленеді. Егер осы уақыт өткеннен кейін борышкердің жеткіліктілік деңгейі өзгермесе, ол банкрот деп танылады, қалған берешек есептен шығарылады.

Еуропа елдерінің ішінде банкроттық рәсімінің Британдық моделі ең қолайлы болып саналады. Банкроттық туралы қаулы қабылданғаннан кейін борышкердің мүлкіне билік ету іс жүргізу барысында оның шығыстары мен мүлкін «оңтайландыратын» әкімшіге беріледі. Борышкер мен оның отбасы тұратын үй иелігі, егер оның үлесін сатудан түскен сома осы жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген кредиттерді жапса ғана сатылуға жатады. Бұл жағдайда қалдық кем дегенде мың фунт болуы керек. Ұлыбританияда банкроттық рәсімін жүргізу мерзімі, әдетте, бір жылдан аспайды. Ол аяқталғаннан кейін банкроттан барлық борыштық міндеттемелер есептен шығарылады.

Осылайша, банкроттық – әлемнің көптеген елдерінде кең таралған рәсім. Сонымен қатар, бұл қиын өмірлік жағдайға тап болған адам құқықтарын қорғау құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар қоғам эволюциясының, мемлекеттің экономикалық процестерінің маңызды элементі ретінде де қабылданады.

Азаматтардың жағдайын жақсартатын банкроттық туралы Заң жобасының кейбір жағымды жақтарын атап өтуге болады. Ең алдымен бұл борышкерлердің төлем қабілетсіздігі жағдайында, олардың кредиторлармен қатынастарын мемлекеттік реттеу болып табылады және банкроттық рәсімі аяқталғаннан кейін кредиторлардың қанағаттандырылмаған талаптары өтелді деп есептеледі. Мүлікті жою, өз кезегінде, қаржы менеджерінің бақылауымен реттеледі. Ал, азаматтарды қорғауды төрелік сот жүзеге асырады, кредиторлар оның қорытындысын күтеді.

Сот азаматты банкрот деп таныған жағдайда, оның борышы өсуін тоқтатады, яғни негізгі борыш тоқтайды, пайыз және айыппұл (тұрақсыздық айыбы) есептелмейді. Сот орындаушысы бұдан былай жалақының 50% - ын шексіз ұстай алмайды, барлық атқарушылық іс жүргізу тоқтатылады.

Банкроттық рәсімі басталған күннен бастап коллекторлардың борышкермен байланысуға құқығы жоқ. Олар тек қаржы менеджерімен өзара әрекет етеді. Көптеген адамдар үшін бұл психологиялық тұрғыдан қолдау болып табылады. Рәсім қорытындысы бойынша қарыздар есептен шығарылады.

Процедураның кемшіліктері, банкротқа ұшыраған азаматтың экономикалық оқшаулануы, және сенімсіз несие тарихы, жеті жылға дейін банкроттық туралы талап қоюы мен банкроттық прецедентін көрсетпестен несие алу мүмкіндігіне шектеулер қойылуы болып табылады.

Сонымен қатар сот банкротқа ұшыраған азаматтың шетелге шығуына да шектеу қоюға құқылы болады.

Азаматты банкрот деп тану процесі көлемді қаражатты қажет етеді және ұзақ уақытты алады. Көрсетілген қызметтерге төленетін сома қарыздың мөлшеріне теңестірілуі мүмкін. Қаржы менеджерінің банкроттық процесіне қатысуы міндетті болып саналады және оны азаматтың өзі қаржыландырады.

Сонымен қатар, банкроттық туралы арызға көптеген құжаттардың қоса берілуі талап етіледі.

Сондықтан да банкроттық институтын енгізу адам мен қоғам арасында тиісті ымыраға келу қажеттілігімен байланысты. Банкроттық рәсімі – бұл қаржылық қиындықтардан құтылу мүмкіндігі. Бұл жаңадан қадам бастауға, жоспарлар мен жобаларды түзетуге нақты мүмкіндік. Бизнесті дамыту үшін несие алған кәсіпкердің қателік жіберуге құқығы жоқ әлемді елестетіп көріңіз. Сол кезде ел экономикасы қандай қарқынмен дамиды?.. Банкроттық институтының енгізілуімен адам өз орнын тапқанша қайта-қайта әрекет ете алады. Тарих осындай көптеген мысалдарды біледі. Оларды атап кететін болсақ:

Американың ұлттық қаһарманы Авраам Линкольн, екі рет АҚШ президенті, американдық құлдарды босатушы, саяси жеңістеріне дейін екі рет бизнесте жеңіліске ұшырап, банкротқа ұшырады.

Дональд Трамп, АҚШ Президенті, әлемдегі ең бай адамдардың бірі, бұрын-құрылыс магнаты, оның аты биік ғимараттар мен үлкен жылжымайтын мүлік кешендерімен аталған, саяси Олимп көтерілгенге дейін 4 рет банкрот болған.

Қазіргі заманғы мультфильм өнерінің әкесі, әйгілі ойын-сауық саябағын жасаушы Уолт Диснейге сәттілік бірден күлмеді. Оның алғашқы анимациялық студиясы тиімді болмады, ал иесі өзін банкрот деп жариялауға мәжбүр болды. Бірақ бұл мультипликаторға сәттілікке жол табуға кедергі болмады: жетістік Мики Маустың құрылуымен бірге келді. Бұл танымал тұлғалар банкроттыққа ұшырағанына қарамастан, өз мақсаттарына жету үшін тоқтаған жоқ.

Сондықтан да бұл заң жобасын әзірлеу маңызды қадам болып табылады. Айта кетейік, Қазақстанда 2018 жылы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың (2015 жылғы 30 қарашадағы) тапсырмасына сәйкес «Азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру туралы» Заң жобасы әзірленді. Алайда ол кірістерді жалпыға бірдей декларациялау енгізілгенге дейін одан әрі талқылау тоқтатылды.

Қазақстан Республикасындағы «Жеке тұлғалардың банкроттығы» туралы Заңды қабылдауға негіз болған шетел мысалдары мен тәжірибелері болып келеді. Нақтырақ айтқанда, АҚШ, Еуропа елдері және Ресей. Жалпы бұл Заңды шығару жайлы соңғы 5 жылда жиі айтылып жатыр. Дегенмен, Қазақстан өзге мемлекеттердің тәжірибесінде көріп, неғұрлым ұтымды Заң шығарады деген сенімдеміз.

Естеріңізге сала кетейік, 2021 жылдан бастап Қазақстанда мемлекеттік қызметшілерден жалпыға бірдей декларациялаудың бірінші кезеңі іске қосылады, 2025 жылдың басында соңғы кезең аяқталады және осы күннен кейін барлық азаматтар кірістері туралы есеп беруі тиіс. Бұған дейін статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда банкроттар саны артып келе жатқаны туралы көптеп жазылады.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда пандемия кезеңінің әсерінен көптеген шағын және орта кәсіпорындардың жабылуына, жергілікті жерлердегі жалақының қысқаруына, жаппай жұмыстан шығарылуына байланысты еңбекке қабілетті қазақстандықтардың көпшілігінде әртүрлі қарыздар (несиелік, салықтық) қалыптасты. Қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заң жобасы елдегі қалыптасқан экономикалық жағдайда өте маңызды мәнге ие және азаматтарға лайықты өмір сүруге конституциялық құқығын іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл заң тұтынушылық кредит беру саласындағы қоғамдық қатынастарды регламенттеуге мүмкіндік береді және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы ұлттық заңнаманы дамытудағы алға жасалған үлкен қадам болып табылады.

#### Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Заңы «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V ҚРЗ. <http://adilet.zan.kz/>
2. Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы Қазақстан Республикасының Заңы. Электрондық ресурс: <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=13983794>
3. Е.С. Пирогова, А.Я. Курбатов. М. Правовое регулирование несостоятельности (банкротства): учебник для бакалавриата и магистратуры. - Издательство Юрайт, 2015. 291 с
4. Жеке тұлғалардың банкроттығы. Электрондық ресурс: <https://nalogikz.kz/docs/bankrotstvo-fizicheskikh-lic.html>

**Бисолтан А. А.**, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ, заң факультеті, Ю-22К тобы, студент  
(Ғылыми жетекшісі – Азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы  
Тоқатов Р. А)

### ХАЛЫҚТЫҢ СҮЙЕНЕТІН ТАМЫРЫ ЗАҢ, ЗАҢ СЫЙЫНАТЫН ТӘҢІР ТІЛ

Заң – адамдар арасындағы маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық акт. «Әділ заң — тірегің», - деп түркі әлемінің ұлы тұлғаларының бірі Жүсіп Баласағұн айтып кеткендей, қоғам заңдарының адамдар үшін әділетті, әрі жүйелі болуы, халық үшін сүйенер мықты тірек болары анық.[1] Қандай да бір жағдайларға тап болсақ та, белгілі бір заңды немесе заңсыз әрекеттерге куәгерлік етсек те, барлығы заң аясында орын алады. Заң және қатаң тәртіп болған жерде ғана, адамдардың тыныштығы мен қауіпсіздігі жүзеге асады. Заң – ол сенім, адамдар заңға сүйене отырып тәуекел етсе ғана, тұлға ретінде қоғамға пайдасын әкеле алады. Қоғамдағы өзекті мәселелер мен шешілмеген сұрақтарға жауап беруші, әрі қадағалаушы заңдарымыз мемлекет заңнамасында көрініс табады.

Басқа мемлекеттер секілді біздің елімізде де заңдардың толық жүзеге асырылып, қамтамасыз етілуі үшін, көптеген заңдар, конституциялық заңдар, кодекстер, Президент жарлықтары мен Парламент қаулылары қабылданған. Ешбір адам заңды айналып өте алмайды, демек еліміздегі әрбір азаматымыз заңдардың негізін білуі шарт. Кез – келген заңнама актісі оқылған сәтте-ақ, арнайы білімі жоқ қарапайым адамға да түсінікті болуы керек. Сауатты заң адамдар үшін қызметін сәтті тұрғыда атқарары сөзсіз. Алайда, қазіргі таңда заңдарымыз өз қызметін жүзеге асырып жатқанымен, ондағы жүйелілік пен сауаттылық жағынан мәселелердің болуы бізді алаңдатады. Арнайы маман – заңгер үшін де заңнаманың күрделі және түсініксіз тұстары көп. Өкінішке орай, біздің республикамыздың Кеңес Одағынан бөлініп шыққан уақытынан отыз жыл өтсе де, қазақ қоғамдағы қолданыстағы тілдің көбінесе орыс тілі болуы, біздің көптеген заңдарымыздың орыс тілінде жазылып, кейін қазақшаға аударылуына әкелді. Тіл – заңнама актілердің сапасының көрінісі. Егеменді еліміз асқақтап, көптеген жетістіктерге жетіп жатсақ та, қоғамымыздағы «орыстілділік» бізден алыстап кете алмағаны қуанатын жағдай емес. Заңдарды арнайы заңгерлер емес, тіл мамандары – филологтардың аудару ісімен айналысуы бұл мәселені шиеленістіре түсті: заң ғылымында кездесетін терминдердің қате немесе тура мағынасында аударылуы, дұрыс емес стильде болуы, өте күрделі ұғымдармен берілуі кесірінен заңның өзінің табиғатын жоғалтуы көптеген түсініспеушілік тудырды.

Қазіргі таңдағы кез-келген мүлтік және мүлтік емес қатынастар Азаматтық кодекс арқылы реттелетіні мәлім. Азаматтық кодекстің маңыздылығын заң ғылымдарының докторы, профессор Майдан Сүлейменов былай айтып өткен: «Республикамызда Азаматтық кодекстің қабылдануына дейін көптеген экономикалық байланыстарды реттейтін алуан түрлі бағыттардағы заңдар қолданысқа енгізілген. Алайда, олар бір-біріне тәуелсіз қабылданғандықтан, бір-бірімен жеткілікті деңгейде байланысты болмаған. Соның кесірінен көптеген қателіктер мен кемшіліктер, бірдей немесе ұқсас сұрақтардың шешілу жолы бір-біріне қайшы келетін сәттер аз болмаған. Осының барлығы құқықтық реттелуі тиіс экономикалық қатынастардың негізгі аспектілерін қамтитын, көп деңгейлі жүйелі заңнаманы тез арада жасау қажеттілігін туындатты. Осы міндетті Азаматтық кодекс атқарды».[2] Алайда қазіргі таңда біз қолданып жүрген қазақ тіліндегі Азаматтық кодекстен кететін қателер көз сүріндіреді. Адами факторлар нәтижесінде заңнамада бір-екі қате кездесері анық, алайда кодекстің көптеген